
 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	<b>«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ</b>	
	<b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Университет білім алушыларына білім беру қызметінің</b> <b>төлемақысы бойынша берілетін жеңілдіктер туралы</b> <b>Е Р Е Ж Е</b>	6 беттік 1 беті

**"Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті" КЕАҚ**  
**Директорлар кеңесінің шешімімен**  
**бекітілген (13.09.2023 ж. №4 хаттама)**



**УНИВЕРСИТЕТ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА БІЛІМ**  
**БЕРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӨЛЕМАҚЫСЫ БОЙЫНША**  
**БЕРІЛЕТІН ЖЕҢІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ**  
**Е Р Е Ж Е**

Шымкент қ. 2023 ж.

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	<b>«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ</b>	
	<b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Университет білім алушыларына білім беру қызметінің</b> <b>төлемәкысы бойынша берілетін жеңілдіктер туралы</b> <b>Е Р Е Ж Е</b>	6 беттің 2 беті

## Мазмұны

1 Жалпы ережелер	3
2 Білім алушыларға берілетін жеңілдіктер туралы	3
3 Жеңілдіктер беру тәртібі және ұсынылатын құжаттар	4
4 Түсініктеме	6

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	<b>«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ</b>	
	<b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Университет білім алушыларына білім беру қызметінің</b> <b>төлемақысы бойынша берілетін жеңілдіктер туралы</b> <b>Е Р Е Ж Е</b>	6 беттің 3 беті

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1 Аталған Ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңнамаларына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы», Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңдарына, «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысына негізделе отырып әзірленді.

1.2 Бұл Ереже дарынды, талантты жастарға және әлеуметтік тұрғыдан әлсіз отбасылар ішінен шыққан білім алушыларға қолдау көрсету мақсатында әзірленген.

1.3 Ереже университеттің Ғылыми кеңесінде талқыланып, ОҚМПУ КеАҚ Директорлар кеңесінде бекітілуі тиіс.

1.4 Ереже ОҚМПУ Ректорының бұйрығымен қолданысқа енгізіледі.

1.5 Ереженің мемлекеттік білім гранттары негізінде немесе маман даярлауға тапсырыс берушімен жасалған келісімшарт бойынша білім алатын білім алушыларға қатысы жоқ.


1.6 Осы Ереже Қазақстан Республикасының азаматтарына ғана қолданылады.

1.7 Білім беру қызметінің төлемақысы бойынша берілетін жеңілдіктерге жұмсалатын шығындары бюджеттен тыс қор (қаражат) есебінен жоспарланады.

1.8 Білім беру қызметінің төлемақысы бойынша жеңілдіктер қарастыру туралы комиссия құрылады. Комиссия құрамы тақ саннан тұрады. Комиссия хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды. Комиссия төрағасы – қоғамның Басқарма төрағасы–Ректор болады. Комиссия құрамына проректорлармен қатар жастар, кәсіподақ, студенттік ұйымдарының, түрлі қоғамдық ұйым өкілдері енгізіледі. Комиссия құрамы ректордың бұйрығымен бекітіледі.

## **2. БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА БЕРІЛЕТІН ЖЕҢІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ**

2.1 Оқу ақысынан тұл жетімдер, балалар үйінің тәрбиеленушілері, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балалар (қамқоршысы, қорғаншысы тағайындалған), білім алушылар оқу жылының толық академиялық кезеңіне, жыл соңына дейін 100% толық босатылады. Ескерту: 21.08.2023 ж. күнгі

 ОҚМПУ ОНГТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі Университет білім алушыларына білім беру қызметінің төлемақысы бойынша берілетін жеңілдіктер туралы Е Р Е Ж Е	6 беттің 4 беті

№16 кезектен тыс Ғылыми кеңес шешімімен толықтырылып, жаңа редакцияда дайындалды.

2.2 ОҚМПУ-ды таңдаған, ҰБТ баллы 100-ден жоғары, мемлекеттік білім грантын иеленбеген «Алтын белгі» иегерлеріне 100% жеңілдік беріледі (Ескерту: №15 кезектен тыс Ғылыми кеңес шешімімен (19.08.2022 ж.) өзгеріс енгізілген).

2.3 Оқу ақысынан 30% жеңілдік төменде көрсетілген білім алушыларға (GPA балы 3,0-ден жоғары болған жағдайда) беріледі:

2.3.1 «үздік» және «жақсы» оқитын I, II топтардағы мүгедек санатындағы білім алушыларға;

2.3.2 22 жасқа дейінгі кемінде 6 және одан да көп бала тәрбиелеп отырған отбасыдан шыққан «үздік» және «жақсы» оқитын білім алушыларға (Ескерту: №16 кезектен тыс Ғылыми кеңес шешімімен (21.08.2023 ж.) өзгеріс енгізілген).

2.3.3 ОҚМПУ-де кемінде 2 баласы ақылы бөлімде оқитын отбасыдан шыққан, негізінен «үздік» және «жақсы» оқитын білім алушылардың біреуіне;

2.3.4 ОҚМПУ-ға 1-курсқа оқуға түскен білім алушылардың қатарынан ҚР Білім және ғылым министрлігі немесе халықаралық ұйымдастыру комитеттерінің аясында өткізілген халықаралық және республикалық пәндік олимпиада жүлдегерлеріне (1-орын), республикалық чемпионаттарда (1+орын), сонымен қатар ҚР Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан немесе халықаралық конкурстар аясында өнер саласында жеңімпаз болғандарға (1-орын);

2.4 ОҚМПУ штатындағы профессор-оқытушылар мен қызметкерлерінің (университеттегі еңбек өтілі кемінде 3 жыл болуы тиіс) ОҚМПУ-де 1 білім алушы баласы оқыған жағдайда оқу ақысынан 30% жеңілдік, ал 2-ші баласы білім алған жағдайда біреуіне 50% жеңілдік, егер 3-ші баласы қатар оқыған жағдайда оның ішінде тек бір баласына ғана 70% көлемінде жеңілдік қарастырылатын болады.

2.5 Олимпиадалық спорт түрлері бойынша өткізілген халықаралық жарыста 1-орын, халықаралық, республикалық айтыста Бас жүлде немесе 1-орын иеленген білім алушыларға (GPA баллы есепке алынбайды) 50% жеңілдік беріледі (Ескерту: №10 Ғылыми кеңес шешімімен (23.02.2022 ж.) өзгеріс енгізілген).

### **3. ЖЕҢІЛДІК БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛАТЫН ҚҰЖАТТАР**

3.1 Жеңілдіктерді беру рәсімі келесі кезеңдерді қамтиды:



 ОҚМПУ ОНГ ТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	<b>«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» ҚЕАҚ</b> Сапа менеджмент жүйесі	
	Университет білім алушыларына білім беру қызметінің төлемсіздігі бойынша берілетін жеңілдіктер туралы <b>Е Р Е Ж Е</b>	6 беттің 5 беті

3.1.1 Жеңілдіктерге үміткер білім алушылар 15 қыркүйекке дейін жеңілдіктер алу құқығын беретін төменде көрсетілген құжаттарды тіркей отырып, университет ректорының атына жеңілдіктер беру туралы өтініш жазады және төмендегі құжаттарды «Үміт» білім алушыларға қызмет көрсету орталығына тапсырады:

- тұл жетімдер үшін: туу туралы куәлік пен ата-аналарының қайтыс болғандығы туралы нотариалды куәландырылған куәліктерінің, жеке куәліктерінің көшірмелерін;
- ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін: әкімдіктің оған қамқорлық тағайындау туралы қаулысының (шешімінің) нотариалды куәландырылған көшірмесін; туу туралы куәлігінің, жеке куәліктерінің көшірмелерін;
- мүгедектер үшін: мүгедектік туралы куәліктерінің нотариалды куәландырылған және жеке куәліктерінің көшірмелерін, дәрігерлік-сараптама комиссиясының қорытындысын;
- толық емес отбасылардан шыққан балалар үшін: ата-анасының біреуінің қайтыс болғандығы туралы куәліктің немесе некені бұзу туралы куәліктің, барлық кәмелетке толмаған (22 жасқа дейінгі) балалардың туу туралы куәліктерінің нотариалды куәландырылған көшірмелерін, білім алушының туу туралы куәлігінің, жеке куәлігінің көшірмелерін, транскриптерін;
- ОҚМПУ-дің күндізгі бөлімінде ақылы түрде 2 білім алушы баласы оқитын отбасылар үшін: «Үміт» қызмет көрсету орталығының екі білім алушыға берген анықтамалары және екі білім алушының туу туралы куәліктерінің нотариалды куәландырылған көшірмелерін, жеке куәліктерінің көшірмелерін, транскриптерін;
- олимпиадалар, спорт жарыстары мен шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары үшін: дипломдары, жеке куәліктерінің көшірмелерін;
- ОҚМПУ профессор-оқытушылары мен қызметкерлерінің білім алушы балалары үшін: университеттің штаттағы қызметкері екендігін айғақтайтын кадр бөлімі беретін бұйрықтың көшірмесін, туу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін, жеке куәлігінің көшірмесін, траскиптерін;
- көп балалы аналар (6 баладан жоғары, 22 жасқа дейінгі) балаларының туу туралы куәліктерінің нотариалды түрде куәландырылған көшірмелерін, отбасы құрамы туралы анықтамасын, жеке куәліктерінің көшірмелерін, транскрипті.

3.1.2 «Үміт» білім алушыларға қызмет көрсету орталығы оқу ақысынан жеңілдік алуға үміткерлердің әрбірінің жеке-жеке іс-құжаттарын жинақтап,

тігіп, арнайы тізіммен оқу қызметінің төлемақысы бойынша берілетін жеңілдіктерді қарайтын комиссияға өткізеді.

3.1.3 Комиссия ұсынылған құжаттарды жан-жақты қарап, тиісті қорытындысын (ұсынысын) жазбаша түрде 1-ші академиялық оқу кезеңінің ағымдағы жылының 20 қыркүйегіне дейін, 2-ші академиялық оқу кезеңінде ағымдағы оқу жылының 20 қаңтарына дейін Ғылыми кеңес хатшысына өткізеді.

3.1.4 Университет білім алушыларына жеңілдіктер беру комиссиясының ұсынысы 1-ші академиялық оқу кезеңінің I қазанына дейін, ал 2-ші академиялық оқу кезеңінде 1 ақпанға дейін университеттің Ғылыми кеңесінде талқыланып, жеңілдік беру мерзімі мен мөлшері жайлы тиісті шешімдер қабылданады. Қажет болған жағдайда ағымдағы оқу жылының барысында Ғылыми кеңес (кезектен тыс) оқу ақысына жеңілдік беру туралы құжаттарды қарап, тиісті шешім қабылдауға құқылы.

3.1.5 Ғылыми кеңес шешімінің негізінде ректордың жеңілдіктер беру жөніндегі бұйрығы шығарылады.

3.1.6 Білім беру қызметіне жеңілдіктер беру туралы бұйрықтың көшірмелері факультет деканаттарына және университеттің есеп бөліміне жіберіледі.

3.1.7 «Үміт» қызмет көрсету орталығы ректордың бұйрығымен білім алушыларды қол қойдыра отырып таныстырады.

3.1.8 Білім беру қызметінің төлемақысы бойынша жеңілдік бір академиялық оқу кезеңіне ғана беріледі (2,1 және 2.5-тармақтарынан басқасы).

#### **4. ТҮСІНІКТЕМЕ:**

1. 6 және одан да көп балалы отбасыдан шыққан білім алушы жеңілдік алуға құжаттарды өткізер кезде 22 жасқа дейінгі балалар саны құрамына өз отбасын құрып, жанұялы болып кеткен ағалары мен әпкелерін қоса алмайды.

2. Осы Ереженің қағидалары Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын «бакалавр» дәрежесін алуға оқуға түскен, күндізгі бөлімде оқитын білім алушыларға қатысты қолданылады.

3. GPA баллы алдыңғы семестр нәтижесі бойынша есепке алынады.